

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды өткізу кезінде оларды есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 640 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 наурыздағы № 396 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16676 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды өткізу кезінде оларды есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 640 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12402 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 14 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды өткізу кезінде оларды есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 наурыздағы
№ 396 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылы 9 желтоқсандағы
№ 640 бұйрығымен бекітілген

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды өткізу кезінде оларды есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды өткізу кезінде оларды есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналымының кейбір мәселелері туралы хаттаманың 3-бабы 11-тармағына сәйкес әзірленген (бұдан әрі – Хаттама) және Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі - ЕАЭО СЭҚ ТН) коды және баждардың төмендетілген ставкілері, сондай-ақ осындай ставкілердің мөлшері қолданылатын, атауы Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін Тізбеге енгізілген тауарларды өткізу кезінде оларды есепке алу жүйесін жүзеге асыруды нақтылайды.

Есепке алу мынадай:

Тізбеге енгізілген, үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген;

ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген ЕАЭО мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген;

ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген Қазақстан Республикасының аумағында шығарылған бойынша жүзеге асырылады.

2. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын ұғымдар:

1) баждардың төмендетілген мөлшерлемесі – Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (бұдан әрі – ЕАЭО БКТ) баж мөлшерлемесін салыстыру

бойынша неғұрлым төмен, Дүниежүзілік сауда ұйымындағы Қазақстан Республикасының міндеттемелерімен көзделген мөлшерлеменің ең жоғары деңгейінде белгіленетін, кедендік әкелу бажы мөлшерлемесі;

2) ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарлар – ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар, сондай-ақ ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы тізбеге енгізілген Қазақстан Республикасында өндірілген тауарлар;

3) тізбе – баждардың төмендетілген мөлшерлемелері, сондай-ақ осындай мөлшерлемелердің мөлшері қолданылуы мүмкін, үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлардың тізбесі;

4) тізбеге енгізілген тауарлар – баждардың төмендетілген мөлшерлемелері, сондай-ақ осындай мөлшерлемелердің мөлшері қолданылуы мүмкін, үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар;

5) тауардың ілеспе құжаттары – "Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуына байланысты Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуді және олардың айналысының кейбір мәселелері туралы" Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 5 Шешімімен бекітілген құжаттар.

3. Есепке алу жүйесі осы Нұсқаулықта Тізбеге енгізілген тауарлардың өткізілуін есепке алу жиынтығы деп түсіну, сондай-ақ ЕАЭО мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарлардың мынадай түрінде:

ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылатын тауарлар бойынша мемлекеттік кірістер органдарының (бұдан әрі – МКО) ақпараттық жүйесінде тіркеуге жататын Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы №257 "Кеден декларацияларын және кеден декларациясының нысандарын толтыру жөніндегі нұсқаулық" шешімімен бекітілген (бұдан әрі – тауарларды декларациялау) тауарларға арналған декларацияларды есепке алу;

электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) жазып беруге және тіркеуге жататын электрондық шот-фактураларды тауарға ілеспе құжат ретінде есепке алу;

нақты уақыт режимінде электрондық нысанда ЕАЭО мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында алмасу жүйесін енгізгенге дейін, тауарға ілеспе құжат ретінде тиісті құжаттарды куәландыру үшін ұсынылған өтініштерді есепке алу;

нақты уақыт режимінде электрондық нысанда жүйені енгізгенге дейін ЕАЭО мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында алмасу – осы Нұсқаулықтың 8, 9, 10, 11, 12 және 13 тармақтарына сәйкес аумақтық мемлекеттік кірістер органының тасымалдау құжаттарын куәландыруы;

ЕАЭО мүше басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарына беру үшін есепке алу жүйесіндегі ақпараттарды өңдеу.

2-тарау. Өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды, оларды өткізу кезінде есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі тәртібі

4.Тізбеге енгізілген тауарларды үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде, олар бойынша баждардың төмендетілген мөлшерлемелері қолданылатын, Тізбеге енгізілген тауарлар бойынша тауарға арналған декларация жеке (тауарлардың жеке декларациясы) ресімделеді.

Декларант ЕАЭО БКТ белгілеген кедендік әкелу бажының төмендетілген мөлшерлемелері қолданылған, Тізбеге енгізілген тауарларды және Тізбеге енгізілмеген тауарларды әкелген кезде декларациялауды тауарға арналған бір декларацияда жүргізеді.

5. Ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне орналастырылған, Тізбеге енгізілген тауарларды орналастырған кезде тауарлардың декларациясының тіркеу нөмірінің 3 элементінің бірінші саны мынадай тәртіпте толтырылуы тиіс:

0 – ЕАЭО БКТ мөлшерлемелері қолданылған тауарларға қатысты;

1 – олар бойынша баждың төмендетілген мөлшерлемелері қолданылған тауарларға қатысты.

6. ЕАЭО басқа мүше мемлекеттерге әкетілетін, тізбеге енгізілген тауарлар сондай-ақ ЕАЭО СЭҚ ТН коды мен атауы Тізбеге енгізілген тауарлар туралы мәліметтердің тауарлар туралы ақпараттармен қатынасы көрсетілген тауарларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 270 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16551 тіркелген) электрондық шот фактурада (бұдан әрі – электрондық шот фактура):

Электрондық шот-фактураның G бөлімінің 2-бағанында көрсетілген тауардың шығу тегі:

үшінші елден әкелінген тауарларды өткізген жағдайда – тауарға арналған декларацияның тіркеу нөмірін және декларацияланатын тауардың реттік нөмірін;

үшінші елден әкелінген тауарларды өткізген жағдайда – тауарға арналған декларацияның 32-жолында көрсетілген тауардың реттік нөмірін;

бұрын ЕАЭО мүше мемлекеттен Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарларды өткізген жағдайда – тауарларды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініштің нөмірі, тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы нысаны 2009 жылғы 11 желтоқсанда қол қойылған Еуразиялық экономикалық одаққа

мүше мемлекеттердің салық органдары арасында жанама салықтардың төленген сомалары туралы ақпараттарды электрондық түрде алмасу туралы хаттамасымен бекітілген (бұдан әрі - тауарларды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініш);

бұрын ЕАЭО мүше мемлекеттен Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарларды өткізген жағдайда – тауарларды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініштің 1-бағанында көрсетілген тауардың реттік нөмірін;

Қазақстан Республикасында өндірілген тауарды өткізген жағдайда – СТ-1 немесе СТ-KZ нысанындағы тауардың шығарылған жері туралы сертификат Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша (№10235 нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеме Тізімінде тіркелген);

аумағына тауар әкетілетін ЕАЭО мүше мемлекеттің әріптік кодын;

ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағына тауарды әкеткен жағдайда – межелі пунктті;

тауардың атауын;

ЕАЭО СЭҚ ТН кодын;

санының (көлемінің) өлшем бірілігін көрсетумен, тауарлардың санын (көлемін) көрсету арқылы жүзеге асырылады.

7. Салық төлеуші Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 270 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16551 болып тіркелген), Электрондық түрде жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидаларында белгіленген тәртіпте:

бұрын үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген , Тізбеге енгізілген тауарларды өткізген немесе өтеусіз берген;

ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарларды өткізген немесе өтеусіз берген;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарларды өткізген немесе өтеусіз берген;

импорт кезінде ЕАЭО БКТ баждарының мөлшерлемелерімен салыстырғанда кедендік әкелу баждарының неғұрлым төмен мөлшерлемелері қолданылатын, Тізбеден алынып тасталған тауарларды өткізген немесе өтеусіз берген;

бір заңды тұлға шегінде тауардың берілуіне байланысты:

үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, Тізбеге енгізілген тауарларды;

ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарларды;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына әкеткен;

Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағына әкеткен кезде электрондық шот-фактураны жазып береді.

Бұл ретте бұл әкетілім Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған өткізу бойынша айналымға енгізілмейді.

8. Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО басқа мүше мемлекеттің аумағына Тізбеге енгізілген тауарларды, сондай-ақ ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарларды әкету кезінде салық төлеуші МКО осы нұсқаулықтың 1, 3 және 4 қосымшасына сәйкес тауарға ілеспе құжаттарды куәландыру туралы өтінішті табыс етеді.

МКО табыс етілген өтініштің негізінде:

Тізбеге енгізілген және Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО басқа мүше мемлекеттердің аумағына әкетуге арналған тауарлар қалдығы барының дұрыстығына;

ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген және Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО басқа мүше мемлекеттердің аумағына әкетуге арналған тауарлар қалдығы барының дұрыстығына;

Осы нұсқаулықтың 1, 3 және 4 қосымшасына сәйкес тауардың ілеспе құжаты ретінде куәландыру туралы өтінішті растауға арналған өтініште көрсетілген мәліметтердің тауарлардың қалдығы бойынша мәліметтермен сәйкестігіне камеральдық бақылауды жүзеге асырады.

МКО өтінішті табыс еткен күннен кейінгі күнтізбелік бір күннен кешіктірмей табыс етілген құжаттардың көшірмелерін куәландырады не оны куәландырудан бас тартады.

Қазақстан Республикасы және ЕАЭО заңнама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда құжаттар куәландыруға жатпайды.

9. Бұрын үшінші елден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, Тізбеге енгізілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына әкеткен кезде МКО мөрімен куәландырылған электрондық шот-фактуралардың және тауарларға арналған декларациялардың көшірмелері тауарға ілеспе құжат болып табылады.

Салық төлеуші аумақтық МКО тауарға арналған декларациялардың және электрондық шот-фактуралардың көшірмелерін тауарға ілеспе құжат ретінде растау туралы өтінішті осы Нұсқаулықтағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып табыс етіледі.

МКО табыс етілген өтініштің негізінде:

электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде бар, электрондық шот-фактуралардың табыс етілген электрондық шот-фактуралардың көшірмелерімен сәйкестігіне;

МКО ақпараттық жүйесінде бар тауарларға арналған декларациялардың табыс етілген тауарларға арналған декларациялардың көшірмелерімен сәйкестігіне камеральдық бақылауды жүзеге асырады.

МКО өтінішті табыс еткен күннен кейінгі күнтізбелік бір күннен кешіктірмей табыс етілген электрондық шот-фактуралар мен тауарларға арналған декларациялардың көшірмелерін куәландырады не куәландырудан бас тартады. Бас тарту осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

10. ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген және бұрын ЕАЭО мүше мемлекеттен Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағына әкеткен кезде, МКО мөрімен куәландырылған, электрондық шот-фактуралардың көшірмелері және тауарларды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініш тауарға ілеспе құжат болып табылады.

Салық төлеуші аумақтық МКО электрондық шот-фактураның көшірмелерін және тауарларды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтінішті тауарға ілеспе құжат ретінде куәландыру туралы өтінішті табыс етіп, осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес көрсетілген құжаттардың қосымшасымен ұсынылады.

МКО табыс етілген өтініштің негізінде:

электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде бар, электрондық шот-фактуралардың табыс етілген электрондық шот-фактуралардың көшірмелерімен сәйкестігіне;

МКО ақпараттық жүйесіндегі тауарларды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініштің табыс етілген тауарларды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініштің көшірмесімен сәйкестігіне камералдық бақылауды жүзеге асырады.

МКО өтініш табыс етілген күннен кейінгі күнтізбелік бір күннен кешіктірмей, табыс етілген электрондық шот-фактуралардың көшірмелерін куәландырады не оларды куәландырудан бас тартады. Бас тарту осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

11. ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына әкеткен кезде МКО мөрімен куәландырылған электрондық шот-фактуралардың көшірмелері және СТ-1 немесе СТ-KZ нысанындағы тауарлардың шығарылған жері туралы сертификаттың түпнұсқасы тауарға ілеспе құжат болып табылады.

Салық төлеуші аумақтық МКО осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олардың қосымшасымен электрондық шот-фактуралардың қағаз көшірмелері және СТ-1 немесе СТ-KZ нысанындағы тауарлардың шығарылған жері туралы сертификаттың түпнұсқасын тауарға ілеспе құжат ретінде куәландыру туралы өтінішті табыс етеді.

МКО табыс етілген өтініштің негізінде:

электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде бар, электрондық шот-фактуралардың табыс етілген электрондық шот-фактуралардың көшірмелерімен сәйкестігіне камералдық бақылауды жүзеге асырады;

СТ-1 немесе СТ-KZ нысанында тауардың шығарылған жері туралы сертификатты беруді жүзеге асырған органға көрсетілген сертификаттың ұсынылған түпнұсқасының заңдастырылғандығын растауға сұрау салуды жолдайды.

МКО СТ-1 немесе СТ-KZ нысанында тауардың шығарылған жері туралы сертификатты беруді жүзеге асырған органнан ұсынылған сертификаттың заңдастырылғандығын растауды алған күннен кейінгі күнтізбелік бір күннен кешіктірмей ұсынылған электрондық шот-фактуралардың көшірмелерін куәландырады не оларды куәландырудан бас тартады. Бас тарту осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

12. Қазақстан Республикасының аумағынан Тізбеге енгізілген тауарларды, сондай-ақ ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарларды ЕАЭО басқа мүше мемлекеттердің аумағына әкеткен және Хаттама күшіне енгенге дейін әкелген (өндірген) кезде, МКО мөрімен куәландырылған тауарға ілеспе құжаттарының көшірмелері тауарға ілеспе құжат болып табылады.

Салық төлеуші МКО:

Осы нұсқаулықтың 1, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес нысандардың біреуі бойынша тауарға ілеспе құжаттар ретінде растау туралы өтінішті;

Тізбеге енгізілген, Хаттама күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген не Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарлар қалдығының барын растау мақсатында салықтық тексеру жүргізуге өтінішті табыс етеді. Өтінішті осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табыс етеді.

13. МКО табыс еткен өтініштердің негізінде:

кедендік декларациялау Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүргізілген, үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына Тізбеге енгізілген тауарларды әкелу фактісіне;

Хаттама күшіне енгенге дейін бұрын үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және ЕАЭО басқа мүше мемлекеттердің аумағына әкетуге арналған Тізбеге енгізілген тауарлардың қалдығы барына растығына;

ЕАЭО мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарларды әкелу фактісіне;

Хаттама күшіне енгенге дейін бұрын ЕАЭО мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына әкетуге арналған ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарлардың қалдығы барына растығына;

Хаттама күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына әкетуге арналған ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарлардың қалдығы барына растығына;

тауарға ілеспе құжат ретінде куәландыру туралы растауға арналған өтініште көрсетілген мәліметтердің тауарлардың қалдығы бойынша мәліметтермен сәйкестігіне салықтық тексеру жүргізу жөніндегі шараларды қабылдайды.

Тауарға ілеспе құжаттарының көшірмелері салықтық тексеру аяқталғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей куәландырылады.

Салықтық тексерудің нәтижелері бойынша осы тармақта көрсетілген мәселелер расталмаған жағдайда, МКО тауарға ілеспе құжаттарын куәландырудан бас тартады. Бас тарту осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
өзара трансшекаралық саудасы
шеңберінде жекелеген
тауарларды өткізу кезінде
оларды есепке алу жүйесін
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа 1-қосымша
Нысан

(аумақтық мемлекеттік кірістер органның
атауы)
кімнен _____
(салық төлеушінің тегі, аты,
әкесінің аты (болған кезде)/атауы)

Жеке сәйкестендіру номері/
бизнес-сәйкестендіру номері
20__ жылғы " __ " _____

**Тауарға арналған декларациялар мен электрондық шот-фактуралардың
көшірмелерін тауарға ілеспе құжаттары ретінде куәландыру туралы өтініш №__**

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына Тізбеге енгізілген тауарларды әкетуге байланысты

(мемлекетті көрсетіңіз)

тауарлардың декларациялары (ТД) мен электрондық шот-фактуралардың (ЭШФ) мынадай көшірмелерін тауарлардың ілеспе құжаты ретінде растауыңызды өтінем:

№	Құжат көшірмесінің түрі (ТД немесе ЭШФ)	ТД немесе ЭШФ құжатының тіркеу нөмірі (тиісінше)
1		
2		
...		

Осы орайда тауарлардың декларацияларын түзетуге берген жағдайда алған тауарлардың декларацияларының, электрондық шот-фактуралардың куәландырған көшірмелерін, түзетілген көшірмені, куәландырылған шот-фактураға қосымша шот-фактураны, сондай-ақ кері қайтарылған шот-фактураны пайдаланбауға міндеттенем.

Ескертпе:
*Кесте куәландыру үшін құжаттың табыс етілетін көшірмесінің әрқайсысы бойынша жолма-жол (жол саны шектеусіз) толтырылады.

Өтініш берушінің қолы және мөрі (болған кезде)

Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
өзара трансшекаралық саудасы
шеңберінде жекелеген
тауарларды өткізу кезінде
оларды есепке алу жүйесін
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа 2-қосымша
Нысан

Тауарға ілеспе құжаттарын куәландырудан бас тарту

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналымының кейбір мәселелері туралы хаттаманың 3-бабы 4-тармағына сәйкес

(аумақтық мемлекеттік кірістер органның атауы)
Сізді

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)/атауы)

(жеке сәйкестендіру номері/бизнес-сәйкестендіру номері)

Тауарға ілеспе құжаты ретінде куәландыру туралы өтінішке қоса берілген тауарлардың ілеспе құжаты ретінде мынадай көшірмелерді куәландырудан бас тарту туралы хабарлайды:

№	Құжат көшірмесінің түрі	Тіркеу нөмірі
1		
2		
...		

Мынандай себептер бойынша Өтініштерді тіркеу журналындағы кіріс нөмірі:

— (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

— аумақтық мемлекеттік кірістер орган басшысының немесе басшы орынбасарының
ҚОЛЫ

Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
өзара трансшекаралық саудасы
шеңберінде жекелеген
тауарларды өткізу кезінде
оларды есепке алу жүйесін
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа 3-қосымша
Нысан

(аумақтық мемлекеттік кірістер органның
атауы)

кімнен _____
(салық төлеушінің тегі, аты,
әкесінің аты (болған кезде)/атауы)

Жеке сәйкестендіру номері/
бизнес-сәйкестендіру номері
20__ жылғы " __ " _____

**Электрондық шот-фактуралардың және тауарларды әкелу және жанама
салықты төлеу туралы өтініштің көшірмелерін тауарға ілеспе құжаттар ретінде
куәландыру туралы өтініш №_____**

ЕАЭО мүше мемлекеттен Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген ЕАЭО
СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарларды Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттің аумағына әкетуге байланысты

— (мемлекетті көрсетіңіз)

электрондық шот-фактуралардың және тауарларды әкелу және жанама салықты
төлеу туралы өтініштің көшірмелерін тауарға ілеспе құжат ретінде куәландыруды
өтінем (Өтініш)

№	Құжат көшірмесінің түрі (ЭШФ) және тауарларды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініш	ЭШТ тіркеу нөмірі және тауарларды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініштің нөмірі
1		
2		
...		

Осымен алынған электрондық шот-фактуралардың және тауарларды әкелу және жанама салықты төлеу туралы өтініштің көшірмелерін тауарға ілеспе құжат ретінде куәландыру туралы өтініштің куәландырған көшірмелерін, түзетілген шот-фактураға қосымша шот-фактураны жазып берген, сондай-ақ күші жойылған, кері қайтарылған шот- фактураны пайдаланбауға міндеттенем.

Ескертпе:
*Кесте куәландыру үшін құжаттың табыс етілетін көшірмесінің әрқайсысы бойынша жолма-жол (жол саны шектеусіз) толтырылады

Өтініш берушінің қолы және мөрі (болған кезде)

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды өткізу кезінде оларды есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа 4-қосымша Нысан

(аумақтық мемлекеттік кірістер органның атауы)

кімнен

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)/атауы)

Жеке сәйкестендіру номері/ бизнес-сәйкестендіру номері

20__ жылғы " __ " _____

Электрондық шот-фактуралардың көшірмелерін тауарға ілеспе құжаттар ретінде куәландыру туралы өтініш №__

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, Тізбеге енгізілген тауарларды, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына әкетуге байланысты

(мемлекетті көрсетіңіз)

олар бойынша СТ-1 немесе СТ-KZ нысанындағы тауардың шығарылған жері туралы сертификаты бар электрондық шот-фактуралардың (ЭШТ) мынадай көшірмелерін тауарға ілеспе құжат ретінде растауыңызды өтінем:

№	Құжат көшірмесінің түрі (ЭШТ) және СТ-1 немесе СТ-KZ нысанындағы тауардың шығарылған жері туралы сертификат	ЭШТ тіркеу нөмірі және СТ-1 немесе СТ-KZ нысанындағы тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың нөмірі
1		

2		
...		

Осымен алынған электрондық шот-фактуралардың және СТ-1 немесе СТ-KZ нысанындағы тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың куәландырған көшірмелерін, түзетілген шот-фактураға қосымша шот-фактураны жазып берген, сондай-ақ күші жойылған, кері қайтарылған шот-фактураны пайдаланбауға міндеттенем.

Ескертпе:

*Кесте куәландыру үшін құжаттың табыс етілетін көшірмесінің әрқайсысы бойынша жолма-жол (жол саны шектеусіз) толтырылады.

Өтініш берушінің қолы және мөрі (болған кезде)

Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
өзара трансшекаралық саудасы
шеңберінде жекелеген
тауарларды өткізу кезінде
оларды есепке алу жүйесін
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа 5-қосымша
Нысан

(аумақтық мемлекеттік кірістер органның
атауы)

кімнен _____
(салық төлеушінің тегі, аты,
әкесінің аты (болған кезде)/атауы)

Жеке сәйкестендіру номері/
бизнес-сәйкестендіру номері
20__ жылғы " __ " _____

Салықтық тексеру жүргізу туралы өтініш I-бөлім. Салықтық тексеру жүргізу туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналымының кейбір мәселелері туралы хаттаманың 3-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Хаттама), Хаттама күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының аумағынан әкелінген Тізбеге енгізілген тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкетуге байланысты салық тексеруін жүргізуді сұраймын –

—
(мемлекетті көрсетіңіз)

II-бөлім. Салық төлеушінің келісімі

Біз (Мен) осы өтініштің шеңберінде салықтық тексеру жүргізуге қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді береміз (беремін).

III-бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Біз (Мен) осы өтініште келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығына Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауапкершілікте боламыз (боламын).

— Салық төлеушінің басшысының (уәкілетті өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), қолы және мөрі (болған кезде)

— Өтінішті табыс еткен күні

IV-бөлім. Мемлекеттік органның белгісі

— Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) және қолы

— Өтініштің кіріс нөмірі және қабылдау күні